

Әрбір адам таза табиғи тағам пайдаланғысы келеді. Әрбір ана баласы үшін ең жақсысы қалайды. Біз барлығымыз шұбат пен түйе сүтін жақсы көреміз, себебі біз оларды гүлденген еліміздің табиғи өнімдері деп санаймыз. Құрамында, шұбаттың шөлмегінде не бар екенін сіз білесіз бе?

Маңғыстау Кеңес Одағы кезінде көмір мен уран өндіру көзі болған, Қазақстан тәуелсіздігінен кейін мұнай өндіру аймағына айналды. Бұл аймақта тарихи экологиялық мәселелер жетерлік, мысалы, Қошқар Ата уран өңдеу қалдықтарының қоймасы, сонымен қатар өндірістік жаңа объектілер (цемент және химиялық зауыттары). Ал қалдықтарды басқару жүйесі әлі қалыпқа келтірілмеген.

Өндіріс біздің бүгінгі тіршілігімізді қамтамасыз етуде үлкен роль атқарады, сонымен қатар қоршаған орта мен адам өміріне тигізер қатері де мол.

«Эко Маңғыстау» (Ақтау), «ЭкоМұражай» және CINEST (Қарағанды) үкіметтік емес ұйымдары Чехияның «Арника» ұйымымен бірге Маңғыстау облысындағы түйе сүтінің уытты химиялық заттармен ластану деңгейін анықтау үшін мониторинг жүргізді. Енді сіздер біздің қорытындыларымыз бен ұсыныстарымызбен таныс аласыздар.

Түйе сүтін алу нүктелері:



Шұбаттың шөлмегінде не бар екенін білесіз бе?

Маңғыстауда алынған түйе сүтінің сынамаларында қауіпті химиялық заттардың жоғары концентрациясы анықталған, оның ішінде:

- ▲ **ПХД (полихлорланған дифенилдер):** олар канцерогендер болып табылады және бауырдың зақымдануына, гормон жүйесінің бұзылуына әкеліп соқтырады. ПХД көп жағдайларда ескі конденсаторлардың майларында кездеседі.
- ▲ **Мырыш:** бұл ауыр металл ұйқы безінің бұзылуына және анемияға әкеледі.

Ластанулар, ең алдымен, өндіріс кәсіпорындарының әрекетімен, пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеумен, сонымен

бірге тарихи экологиялық ластаулармен, яғни, қараусыз зауыттар, мұнай қалдықтарының полигондары және т.б. апат көздерімен байланысты болып табылады. Қоршалмаған, рұқсатсыз және көрінген жерге лақтырылған қоқыстар, қоқысты өртеу немесе ескі трансформаторлар мен конденсаторларды пайдалану тағам өнімдерінің жалпы ластануына әсерін тигізеді.

Өз денсаулығыңды қалай қорғауға болады?

Мен – фермермін	Мен – тұтынушымын
<ul style="list-style-type: none"> ✍ Мен түйелерімнің таза су ішіп, таза жем жейтініне, мысалы далада жайылатынына сенімдімін ✍ Мен түйелерімді қауіпті және ластанған аймақтарда, әсіресе уран карьерлерінің үйіндісінде, қалдықтар қоймасы мен өндіріс объектілері және т.б. жерлерде жаюға жол бермейтініме сенімдімін. ✍ Мен түйелерімнің қоқыс контейнерлерінен қоректенуіне жол бермеймін, себебі осы арқылы мен де қол қалдықтардың тұтынушысы екендігімді түсінемін. 	<ul style="list-style-type: none"> ✍ Мен өз фермерімнен немесе жеткізушімнен сүт өнімдерінің қай жерден жеткізілетінін сұраймын ✍ Мен ластанған аудандарда өндірілген немесе түйелері ластанған жерлерде бағылатын фермерлер өндірген сүтті сатып алмаймын ✍ Мен ластанған аймақтарда бағылып, қоқыспен қоректенген түйелерді көрсем, фотоға түсіріп, жергілікті әкімшілік пен тұтынушылардың құқығын қорғау департаментіне хабарлаймын *)
<ul style="list-style-type: none"> ✍ Мен жергілікті әкімшіліктің әрекет етуін талап етемін! Олар қауіпті жерлерді қоршап, рұқсатсыз қалдық үйінділерін жояды, қалдықтарды басқарудың жүйесін тиімді ұйымдастыру және экологиялық тәртіп бұзуларды қалыпқа келтіруде мемлекеттің қатысуын қамтамасыз етуге атсалысу. ✍ Мен құрамы және шығу тегі белгісіз химиялық майларды, әсіресе ескі трансформаторлар мен конденсаторлардың майларын ешқашан пайдаланбаймын 	

*) Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет, байланыс телефоны: +7 (7292) 50 19 09

Источник: <http://mangystau.kzpp.gov.kz/rus/kontakty/>

Көбірек білгіңіз келеді ме?

www.ecocitizens.kz

сайтына кіріңі

Біз Қазақстан Республикасы азаматтарының таза қоршаған ортаға құқығын қолдаймыз.

Сонымен қатар сіз білуіңіз керек

- ▼ Балалар мен жасөспірімдер денсаулығы әлі дамып келе жатқандықтан, үлкендерге қарағанда сыртқы орта әсерін қабылдағыш болады.
- ▼ Ластау көзі тек түйе сүті ғана емес! Ет, жұмыртқа және балық та күнделікті қауіпті химиялық заттарды пайдалануды көбейтулері мүмкін.
- ▼ Күнделікті шектеулі тәуліктік нормадан жоғары болған жағдайда, полихлорланған дифенил сияқты заттар қатерлі ісік ауруларын тудырады. Олар көп жағдайларда жануарлардың май қабаттарында жиналады. Жануарлар майын пайдалануды азайта отырып, сіз қатерлі ісікке шалдығу қатерін азайтасыз.

Түйе сүті мен шұбат

Денсаулыққа пайдалы ма әлде зиян ба?

Фермерлер мен тұтынушыларға арналған нұсқаулық

Бұл үнпарақ 2016 жылдың қыркүйек айында «Азаматтардың құқықтарын іске асыру және экологиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға қоғамдық қатысу – Маңғыстау облысында Орхус конвенциясын тәжірибелік іске асыру» жобасы аясында Европа Одағы мен Чех Республикасының Transition Promotion бағдарламасының қаржылық қолдауымен жарияланды. Үнпарақтың мазмұны донорлар көзқарасын білдіруі міндетті емес және тек авторлардың жауапкершілігіне тиесілі.



TRANSITION



ECO mangystau